

Мазмұны		ТАЗАЛАУ	143
МАЗМҰНЫ	134	Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау	143
КІРІСПЕ	135	Кофе жасағыштың ішін тазалау	144
Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар	135	Су ыдысын тазалау	144
Жақшадағы әріптер	135	Кофе шүмектерін тазалау	144
Ақаулықтарды жою және жөндеу	135	Ұнтақ кофе воронкасын тазалау	144
ҚАУІПСІЗДІК	135	Демдеу торын тазалау	144
Негізгі қауіпсіздік туралы ескертулер	135	ҚАҚ ТАЗАЛАУ	145
Пайдалану мақсаты	136	СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН РЕТТЕУ	146
Пайдалану нұсқаулығы	136	Су қаттылығын өлшеу	146
СИПАТТАМА	136	Су қаттылығын орнату	146
Құрылғының сипаттамасы	136	ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК	
Басқару тақтасының сипаттамасы	137	ТАСТАУ	
Керек-жарақтар сипаттамасы	137	ШАМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТҮСІНДІРУ	144
Шамдардың сипаттамасы	137	АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ	145
ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН	137		
Құрылғыны тексеру	137		
Құрылғыны орнату	137		
Құрылғы параметрлерін орнату	138		
Құрылғыны алғаш рет пайдалану	138		
ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ	138		
ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ	138		
АВТО ӨШІРУ	139		
ҚҰАТ ҮНЕМДЕУ	139		
СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ (КЕЙБІР ҮЛГІЛЕРДЕ ҒАНА БАР)	139		
Сүзгіні орнату	139		
Сүзгіні шығару және ауыстыру	140		
КОФЕ ЖАСАУ	140		
Кофе дәмін таңдау	140		
Кеседегі кофе мөлшерін таңдау	140		
Кофе тартқышты реттеу	140		
Температураны орнату	141		
Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер	141		
Кофе дәндерінен кофе жасау	141		
Ұнтақ кофеден кофе жасау	142		
КАППУЧИНО ЖАСАУ	142		
Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау	142		
СУ ЫСЫТУ	143		

КІРІСПЕ

Осы автоматты эспрессо және капучино жасау құрылғысын таңдағаныңызға рахмет.

Жаңа құрылғыңызды рахатыңызға пайдаланасыз деп үміттенеміз.

Осы пайдалану нұсқаулығын оқып шығуға бірнеше минут бөліңіз.

Бұл барлық қауіп-қатерлер мен құрылғының зақымдануының алдын алады.

Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар

Маңызды ескертулер осы таңбалармен анықталады. Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады.



Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



Күйіп қалу қаупі бар!

Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды кеңесті немесе ақпаратты білдіреді.

Жақшадағы әріптер

Жақша ішіндегі әріптер 2 және 3-беттегі «Құрылғы сипаттамасы» бөліміндегі шартты белгілерге сілтейді.

Ақаулықтарды жою және жөндеу

Проблемалар болған жағдайда, алдымен оларды 144-беттегі «Шамдардың түсіндірмесі» және 145-беттегі «Ақаулықтарды жою» бөлімінде берілген ақпаратқа жүгіне отырып шешуге тырысыңыз.

Егер проблема осылай шешілмесе және қосымша ақпарат талап етсеңіз, «Тұтынушыларды қолдау қызметі» қосымша парағында берілген нөмірге қоңырау шалу арқылы тұтынушыны қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Егер еліңіз берілген елдер тізімінен табылмаса, кепілдікте берілген нөмірге қоңырау

шалыңыз. Егер жөндеу қажет болса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерімен ғана хабарласыңыз. Мекенжайлар құрылғымен бірге берілген кепілдік куәлігінде берілген.

ҚАУІПСІЗДІК

Негізгі қауіпсіздік туралы ескертулер



Қауіпті!

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен тұртпеңіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан қуат кабелінен ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратыңыз.
- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз. Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

Егер ашалы қосқыш немесе қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

Құрылғыны тазалаған кезде ешқашан суға батырмаңыз. Бұл – электрлік құрылғы.

- Құрылғының сыртын тазаламас бұрын, оны өшіріп, розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



Маңызды:

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.

Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе

ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың құрылғымен ойнамауы керек. Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.



Қуіп қалу қаупі бар!

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін.

Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, кесені жылытқыш текшені ұстамаңыз, себебі ол ыстық.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

Пайдалану мақсаты

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған.

Бұл – тек үйде пайдалануға арналған құрылғы.

Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды:

- дүкендердегі қызметкерлердің ас пісіру аймақтарында, кеңселерде және басқа да жұмыс істейтін жерлерде;
- фермадағы үйлерде;

- қонақүйлердегі, мотельдердегі клиенттер тұратын және басқа тұрғылықты жерлерде;
- төсек пен таңғы ас беретін орындарда.

Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі.

Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

Пайдалану нұсқаулығы

Құрылғыны пайдаланбас бұрын мына нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Мұндай ескертулерді елемей күйіп қалуға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемеден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.



Ескеріңіз:

Осы пайдалану нұсқаулығын сақтап қойыңыз.

Егер құрылғы басқа адамдарға берілсе, оларды осы пайдалану нұсқаулығымен бірге беру керек.

СИПАТТАМА

Құрылғының сипаттамасы

(3-бет - А)

- A1. Басқару тақтасы
- A2. Тартуды реттеу дөңгелегі
- A3. Кесе текшесі
- A4. Дәндер ыдысының қақпағы
- A5. Ұнтақ кофе воронкасының қақпағы
- A6. Ұнтақ кофе воронкасы
- A7. Дәндер ыдысы
- A8. Қуат қосқышы
- A9. Су ыдысы
- A10. Демдеу торының қақпағы
- A11. Демдеу торы
- A12. Кофе шүмегі (биіктігі реттеледі)
- A13. Тартылған кофе ыдысы
- A14. Су жиналатын науа
- A15. Қақпақ науасы
- A16. Тамшы науасындағы су деңгейінің көрсеткіші
- A17. Тамшы науасы
- A18. Каппучино жасағыш
- A19. Бу/ыстық су тетігі

Басқару тақтасының сипаттамасы

(2-бет - В)

B1. Шамдар

B2.  түймесі: құрылғыны іске қосады және өшіреді.

B3.  түймесі: 1 кесе эспрессо кофесін жасауға арналған

B4.  түймесі: 2 кесе эспрессо кофесін жасауға арналған

B5.   түймесі: құрылғыны шаюға және қақ тазалауға арналған

B6. Таңдау тетігі: кофенің қалаған мөлшерін таңдау немесе ұнтақ кофе пайдалану үшін бұраңыз

B7.  түймесі: сүтпен ыстық сусындар жасау үшін бу шығарады.

B8.  түймесі: 1 кесе эспрессо кофесін жасауға арналған

B9.  түймесі: 2 кесе эспрессо кофесін жасауға арналған

Керек-жарақтар сипаттамасы

(2-бет - С)

C1. Өлшеу құралы

C2. Қақ тазартқыш құты

C3. Су жұмсартқыш сүзгі (кейбір үлгілерде ғана бар)


Шамдардың сипаттамасы




Шам жыпылықтағанда: құрылғы қызуда немесе шаю циклі орындалуда.



Құрылғы бір немесе екі эспрессо кофесін құйып жатыр.



Құрылғы бір немесе екі лонг кофесін құйып жатыр.



Шамның тұрақты жануы: «бу» функциясы таңдалды;
Шам жыпылықтағанда: бу тетігін бұрауыңыз керек.



ЕСО

Басқару тақтасында ескерту көрсетіледі (мына бөлімді қараңыз: «Шамдар түсіндірмесі» мына бетте:).

Шамның тұрақты жануы: кофе тарту ыдысы жоқ немесе оны құрылғыға салу керек;

Шам жыпылықтағанда: кофе тарту ыдысы толып кеткен немесе оны босату керек.

Шамның тұрақты жануы: су ыдысы жоқ;

Шам жыпылықтағанда: ыдыста су жеткіліксіз.

Шам жыпылықтағанда: құрылғы қағын тазарту керек («Қақ тазалау» бөлімін қараңыз).

Шамның тұрақты жануы: құрылғы қақ тазалау циклін орындауда.

ЕСО «Қуат үнемдеу» режимі іске қосұлы.

ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН

Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз. Егер құрылғының зақымданғаны көрініп тұрса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

Құрылғыны орнату



Маңызды!

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- Бұл құрылғы қызады. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал кофе құрылғысының үстіне 15 см бос орын қалдырыңыз.
- Құрылғыға кірген су оны зақымдауы мүмкін. Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.
- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін. Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.
- Қуат кабелін қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).

Құрылғы параметрлерін орнату



Маңызды!

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз.

Егер розетка қуаты құрылғыдағы қуатқа сай болмаса, тиісті розетка түрін білікті маманға ауыстыртыңыз.

Құрылғыны алғаш рет пайдалану



Ескеріңіз!

- Құрылғыны зауытта тексерген кезде кофе пайдаланылды, сондықтан, кофе тартқышта кофе іздері қалса, бұл – қалыпты нәрсе. Дегенмен, бұл құрылғының жаңа екеніне кепілдік беріледі.
- Судың қаттылығын «Су қаттылығын реттеу» (139-бет) бөліміндегі пайдалану нұсқаулығына жүгіне отырып тез арада реттеңіз.

Мына нұсқауларды орындаңыз:

1. Су ыдысын шығарыңыз, MAX жолағына дейін таза сумен толтырып (1A суреті), құрылғыға қайта салыңыз (1B суреті).
2. Сыйымдылығы кемінде 100 мл болатын ыдысты капучино жасағыш астына қойыңыз (2-сурет).
3. Құрылғыны розеткаға қосып, құрылғының артындағы негізгі қосқышты I бағытына қосыңыз (3-сурет).
4. Басқару тақтасындағы  шамы жыпылықтайды (4-сурет).
5. Бу тетігін «I» бағытына бұраңыз (5-сурет). Құрылғы капучино жасағыштан су ағызады да, ажыратылады.
6. Бу тетігін «0» бағытына бұраңыз.

Кофе жасағыш енді әдеттегідей пайдалануға дайын.



Ескеріңіз!

- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, ол қанағаттанарлық нәтижені 4-5 кесе кофе немесе 4-5 капучино жасағаннан кейін береді.
- Кофенің рахатын одан бетер күшейту және құрылғының тиімділігін жақсарту үшін,

біз «СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ» (139-бет) бөлімінде сипатталғандай, су жұмсартқыш сүзгіні орнатуды ұсынамыз. Егер сіздегі үлгі сүзгімен келмесе, оны De'Longhi тұтынушыларды қолдау орталығынан талап ете аласыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ



Ескеріңіз!

Құрылғыны іске қоспас бұрын, негізгі қосқыштың қосылғанын тексеріңіз (2-сурет).

Құрылғы іске қосылған сайын, ол кедергі жасауға болмайтын алдын ала қыздыру және шаю циклін автоматты түрде орындайды.

Құрылғы тек осы цикл аяқталған соң ғана пайдалануға дайын болады.



Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмегінен шамалы су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады.

Су шашырандыларынан абай болыңыз.

- Құрылғыны іске қосу үшін,  түймесін (6-сурет) басыңыз. Құрылғы қызып жатқан кезде және автоматты шаю циклін орындап жатқан кезде тиісті  шамы жыпылықтайды (ыстық суды түтіктер бойымен айналдыру арқылы құрылғы қазандықты да, ішкі айналым түтіктерін де қыздырады).

 шамы сөнген кезде және тиісті кофе түймесінің шамдары жанған кезде құрылғы қажетті температураға жеткені.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ

Құрылғы кофе жасау үшін пайдаланылғаннан кейін кез келген уақытта ол автоматты шаю процесін орындайды.



Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмектерінен аздап ыстық су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады.

Су шашырандыларынан абай болыңыз.

Құрылғыны өшіру үшін  түймесін (6-сурет) басыңыз. Құрылғы шаю циклін орындап, өшіріледі.



Ескеріңіз!

Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, негізгі қосқышты да 0 бағытына орналастырыңыз (3-сурет).

Маңызды!

Құрылғыны зақымдап алмас үшін, негізгі қосқышты (3-сурет) 0 бағытына құрылғы

 түймесін пайдаланып ажыратылғанша орнатпаңыз.

авто өшіру

Авто өшіру уақыты құрылғы 15 не 30 минуттан немесе 1, 2 немесе 3 сағаттан кейін өшірілетін етіп өзгертуге болады.

Авто өшіру уақытын орнатыңыз, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Құрылғы ажыратылғанда және негізгі қосқыш I бағытына орнатылғанда (3-сурет),  түймесін басып, басқару тақтасындағы шамдар жанғанша ұстап тұрыңыз.
2.  түймесін (тетіктің оң жағындағы) құрылғы автоматты түрді өшірілгенге дейінгі уақытқа қатысты шамдар жанғанша басып тұрыңыз:
15 минут **ECO**
30 минут **ECO** 
1 сағат **ECO**  
2 сағат **ECO**   
3 сағат **ECO**    
3.  түймесін (тетіктің сол жағындағы) растау үшін басыңыз; шамдар сөнеді.

ҚУАТ ҮНЕМДЕУ

Бұл функцияны қуат үнемдеу режимін қосу немесе өшіру үшін пайдаланыңыз.

Бұл функция іске қосылған кезде, Еуропалық ережелерге сай қуат тұтыну мөлшері азаяды. ECO шамы (7-сурет) жанып тұрса, қуат үнемдеу режимінің белсенді болғаны.

1. Құрылғы ажыратылғанда және негізгі қосқыш I бағытына орнатылғанда (3-сурет),  түймесін басып, **ECO** шамы жанғанша ұстап тұрыңыз (7-сурет).
2. Режимді ажырату үшін  түймесін басыңыз (тетіктің сол жағында). **ECO** шамы жыпылықтайды.
3. Режимді қайта іске қосу үшін **ECO** түймесін (тетіктің сол жағында)  қайта басыңыз. **ECO** шамы тұрақты жанады.

4.  түймесін (тетіктің оң жағында) басып, таңдауды растаңыз. **ECO** шамы сөнеді.

Ескеріңіз:

Құрылғы қайта қызатындықтан, қуат үнемдеу режимі мен бірінші кофе құйылғанша бірнеше секунд өтуі мүмкін.

СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ (кейбір үлгілерде ғана бар)

Кейбір үлгілерге су жұмсартқыш сүзгі бекітіледі. Егер сіздегі үлгіде ондай болмаса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерінен сатып алуды ұсынамыз.

Маңызды:

- Күн сәулесі түспейтін салқын және құрғақ жерде сақтаңыз.
- Орамды ашқан соң, сүзгіні дереу қолданыңыз.
- Құрылғы қағын тазалау алдында сүзгіні алып тастаңыз.

Сүзгіні дұрыс пайдалану үшін, төмендегі нұсқаларды орындаңыз.

Сүзгіні орнату

1. Сүзгіні орамынан шығарып, шамамен жарты литр ағынды сумен шайыңыз (8-сурет).
2. Келесі екі ай көрсетілгенше күнтізбе дискісін бұраңыз (9-сурет).

Ескеріңіз:

Құрылғы дұрыс пайдаланылса, бұл сүзгі екі айға жарамды болады. Егер кофе жасағыштың сүзгісі енгізілген күйде пайдаланылмай қалса, сүзгі тек үш аптаға жарамды болады.

3. Ыдысты құрылғыдан шығарып, сумен толтырыңыз (1А суреті).
4. Сүзгіні су ыдысына салып, толық батырыңыз да, ауа көпіршіктерін шығарып жіберу үшін қисайтыңыз (10-сурет).
5. Сүзгіні корпусына салыңыз және орнына жеткенше басыңыз (11-сурет).
6. Ыдыстың қақпағын (12-сурет) жауып, ыдысты құрылғыдағы орнына салыңыз.
7. Капучино жасағыштың астына ыдыс (ең аз сыйымдылығы: 100 мл) қойыңыз.
8. Ыстық су ағызу үшін бу тетігін I бағытына бұраңыз.

9. Ағын біркелкі болғанша құрылғыдан бірнеше секунд бойы ыстық су ағызып, тетікті 0 бағытына бұраңыз.

Ескеріңіз:

Сүзгіні орнату үшін ыстық судың өзі ғана жеткілікті болмауы мүмкін: шамы жанады.



Мұндай жағдайда, орнату әрекетін 8-қадамнан бастап қайталаңыз.

Содан кейін жаңа сүзгі белсенді болады және кофе жасағышты пайдалана аласыз.

Сүзгіні шығару және ауыстыру


Екі айдан соң (күн индикаторын көріңіз) немесе құрылғы 3 апта бойы пайдаланылмаса, алдыңғы тарауда сипатталған нұсқауды орындау арқылы сүзгіні алу және жаңасымен ауыстыру керек.

КОФЕ ЖАСАУ

Кофе дәмін таңдау

Қажетті дәмді орнату үшін кофе дәмін таңдау тетігін (B6) бұраңыз. Оны сағат тілі бағытымен бұрағанда құрылғы тартатын кофе дәндерінің мөлшері көбейеді, осылайша құйылатын кофе қоюлығы да көбейеді.

Өте сұйық кофе алу үшін тетікті MIN бағытына, ал өте қою кофе алу үшін MAX бағытына бұраңыз.



Ескеріңіз:

- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, тексеріп көру және қателер жіберу арқылы тетіктің дұрыс бағытын анықтау үшін бірнеше кесе кофе жасау керек болады.
- Тетікті MAX деңгейіне қарай өте қатты жақын орнатпаңыз, әйтпесе кофе өте баяу құйылуы (тамшылап), әсіресе бірден екі кесе кофе жасағанда баяулауы мүмкін.

Кеседегі кофе мөлшерін таңдау

Бұл құрылғы әдепкі параметр бойынша мына кофе мөлшерлерін автоматты түрде дайындайды:

- эспрессо кофесі;  түймесі басылғанда (≈40 мл);
- лонг кофесі;  түймесі (≈120 мл) басылғанда;
- екі эспрессо кофесі;  түймесі басылғанда;
- екі лонг кофесі;  түймесі басылғанда.



Құрылғы автоматты түрде кесеге құятын кофе мөлшерін өзгерту үшін, төмендегіні орындаңыз:

- өзгертілетін мөлшерге қатысты түймені басыңыз және оны шам жыпылықтағанша және құрылғы кофе құюды бастағанша басып тұрыңыз. Түймені жіберіңіз;
- кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткен соң, жаңа мөлшерді есте сақтау үшін осы түймені қайта басыңыз.

Кеседегі орнатылған кофе мөлшері бағдарламаланды.


Кофе тартқышты реттеу

Кофе тартқыш әдепкі параметр бойынша кофені дұрыс дайындайтындай етіп орнатылады және оны реттеудің қажеті жоқ.

Дегенмен, алғашқы бірнеше кесе кофені жасағаннан кейін кофенің өте әлсіз және кілегейлі емес екендігі немесе оның өте жай құйылатыны байқалса (тамшылап тұрса), оны тартуды реттеу дөңгелегін (13-сурет) реттеу арқылы түзетуге болады.

Ескеріңіз!

Тартуды реттеу дөңгелегін тек кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана бұрау керек.




Толық кілегейлі кофе жасау үшін, сағат тілі бағытына қарсы «1» санына қарай бір рет «сырт» еткізіп бұраңыз (бір бұрағанда бір реттен артық «сырт» еткізіп бұрамаңыз, әйтпесе кофе тамшылап құйылуы мүмкін). Бұл реттеулердің нәтижесі тек 2 кесе кофе жасалғаннан кейін ғана байқалады. Егер бұл реттеу қажетті нәтижені бермесе, дөңгелекті тағы бір рет «сырт» еткізіңіз.

Температураны орнату

Кофе жасау үшін пайдаланылатын судың температурасын өзгерту үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Құрылғы ажыратылғанда және негізгі қосқыш I бағытына орнатылғанда (3-сурет),  түймесін басып, басқару тақтасындағы шамдар жанғанша ұстап тұрыңыз.
2. Қажетті температураны орнату үшін  түймесін басыңыз:



3.  түймесін басып, таңдауды растаңыз. Шамдар сөнеді.

Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер

Кофені ыстығырақ ету үшін оны құймас бұрын сізге мынау ұсынылады:

-  түймесін басу арқылы құрылғыны шайыңыз. Құйылатын кофені ыстық ету үшін ыстық су кофе шүмегінен ағады және құрылғының ішкі айналымын қыздырады.
- кеселерді ыстық сумен жылытыңыз (ыстық су функциясын пайдалану);
- ыстығырақ кофе температурасын орнату («Температураны орнату» тарауын қараңыз).

Кофе дәндерінен кофе жасау




Ешқашан карамельденген немесе қант қосылған кофе дәндерін пайдаланбаңыз, себебі олар кофе тартқышқа жабысып, оны пайдалануға жарамайтын етуі мүмкін.

1. Ыдысты кофе дәндерімен толтырыңыз (9-сурет).
2. Кофе шүмектерінің астына орналастырыңыз:
 - 1 кесе кофе жасағыңыз келсе, бір кесе қойыңыз (10-сурет);
 - 2 кесе кофе жасағыңыз келсе, 2 кесе қойыңыз (11-сурет).

3. Шүмектерді кеселерге қарай мүмкіндігінше төмендетіңіз. Кілегейлі кофе осылай жасалады (12-сурет).

4. Қажетті кофе санына қатысты түймені басыңыз



5. Дайындау басталады және басқару тақтасында таңдалған түймеге қатысты шам жыпылықтайды.

Кофе жасалған соң, құрылғы қайта пайдалануға дайын болады.



Ескеріңіз:

- Кофе жасағыш кофе жасап жатқан кезде, құюды кез келген уақытта кофе жасау түймелерінің бірін басу арқылы тоқтатуға болады.
- Құйылып болған соң кеседегі кофе мөлшерін көбейту үшін, кофе түймелерінің бірін бассаңыз болғаны (3 секунд ішінде).



Ескеріңіз:

Кофені ыстық етіп жасау туралы ақпаратты «Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер» бөлімінен көріңіз.



Маңызды!

- Егер кофе тамшылап құйылса, тым сұйық болса және жеткілікті деңгейде кілегейлі болмаса немесе тым салқын болса, «Ақаулықтарды жою» бөліміндегі (145-бет) кеңестерді оқыңыз.
- Пайдалану барысында басқару тақтасында шамдар көрінуі мүмкін. Олардың мағыналары 144-беттегі «Шамдар түсіндірмесі» бөлімінде берілген.

Ұнтақ кофеден кофе жасау



Маңызды!

- Құрылғы өшірулі кезде ешқашан ұнтақ кофені салмаңыз, әйтпесе ол құрылғының қуыс-қуыстарына таралып, оны былғауы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.

- Ешқашан бір деңгейлі мөлшерден артық пайдаланбаңыз, әйтпесе ол құрылғының ішін былғауы немесе воронканы бітеп тастауы мүмкін.



Ескеріңіз!

Егер ұнтақ кофені пайдалансаңыз, сіз бір уақытта тек бір кофе жасай аласыз.

1. Құрылғының қосұлы екеніне көз жеткізіңіз.
2. Кофе дәмін таңдау тетігін сағат тіліне қарсы соңына дейін, орнына (18-сурет) жеткенше бұраңыз.
3. Воронканың бітеліп қалмағанына көз жеткізіп, бір деңгей мөлшеріндегі ұнтақ кофені салыңыз (19-сурет).
4. Кофе шүмектерінің астына бір кесе қойыңыз.
5. 1 кесе кофе түймесін басыңыз (немесе).
6. Дайындау басталады.

КАППУЧИНО ЖАСАУ



Күйіп қалу қаупі бар!

Дайындау барысында бу шығады. Күйіп қалудан сақ болыңыз.

1. Каппучино жасаған кезде, кофені үлкен кесеге жасаңыз;
2. Ыдысқа (мүмкін болса, күйіп қалудан сақ болу үшін сабы бар ыдысты пайдаланыңыз) жасалатын әрбір капучино үшін шамамен 100 грамнан сүт құйыңыз. Ыдысты таңдаған кезде сүттің көлемі екі немесе үш есе көбейетінін ескеріңіз.



Ескеріңіз:

Қоюлау көпіршікке қол жеткізу үшін, тоңазытқыш температурасында (шамамен 5°C) сақталған шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдаланыңыз.

Көпіршігі нашар немесе көбіктері үлкен сүт болмас үшін, капучино жасағышты әрқашан «Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау» бөлімде сипатталғандай етіп тазалаңыз.

3. түймесін басыңыз. шамы жыпылықтайды.
4. Каппучино жасағышты сүт ыдысына (20-сурет) батырыңыз.

5. Бірнеше секундтан соң, шамы жыпылықтап жатқан кезде, бу тетігін I бағытына бұраңыз (5-сурет). Каппучино жасағыштан бу шығып, кофеге кілегейлі көбік түрін және үлкенірек көлем береді.
6. Кілегейлі көпіршік жасау үшін ыдысты жайлап қана жоғары қарай ырғап жылжытыңыз. Буды 3 минуттан артық құйып тұрмаңыз.
7. Қалаған көпіршікті алған соң, бу тетігін 0 бағытына қайта бұрау арқылы буды тоқтатыңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Қайнап жатқан сүттің шашырауынан күйіп қалуға жол бермес үшін, көпіршікті сүті бар ыдысты алмас бұрын буды тоқтатыңыз.

8. Сүт көпіршігін бұған дейін дайындалған кофеге қосыңыз. Каппучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.

Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау

Сүт қалдықтарының жиналуына және бітеліп қалуға жол бермес үшін, капучино жасағышты қолданыстан кейін тазалап отырыңыз.

1. Каппучино жасағыштың астына ыдыс қойып, бу тетігін I бағытына бұрау арқылы бірнеше секунд бойы шамалы су ағызыңыз (5-сурет). Одан кейін ыстық су ағынын тоқтату үшін бу тетігін 0 бағытына бұраңыз.
2. Каппучино жасағыш суығанша бірнеше минут күтіңіз. Каппучино жасағыштың сабының түтігін бір қолмен мықтап ұстап, басқа қолмен капучино жасағышты сағат тілі бағытына қарсы бұраңыз да (16-сурет), төмен тарту арқылы шығарыңыз.
3. Бу қондырмасын да төмен тарту арқылы шығарыңыз (17-сурет).
4. 18-суреттегі көрсеткімен көрсетілген екі тесіктің бітелмегенін тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз.
5. Каппучино жасағыштың барлық бөлшектерін губкамен және ыстық сумен жуыңыз.

6. Қондырманы орнына салып, каппучино жасағышты қондырмаға жоғары қарай итеру және орнына түскенше бұрау арқылы қайта салыңыз.

СУ ЫСЫТУ



Күйіп қалу қаупі бар!

Ыстық су құю барысында құрылғыны ешқашан қараусыз қалдырмаңыз. Кесе толған кезде ыстық су ағынын төменге айтылғандай етіп тоқтатыңыз. Су құйылып жатқан кезде су шүмегі қызады, сондықтан оны тек сабынан ғана ұстау керек.

1. Шашырандылардан қорғайды.
2. Бу тетігін I бағытына бұраңыз. Ағу басталады.
3. Бу тетігін 0 бағытына бұрау арқылы тоқтатыңыз.



Ескеріңіз:

Егер «Қуат үнемдеу» режимі белсенді болса, ыстық су құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

ТАЗАЛАУ



Маңызды!

- Құрылғыны тазалау үшін еріткіштерді, қырғыш заттарды немесе спиртті пайдаланбаңыз. De'Longhi супер автоматты кофе құрылғыларын тазалау үшін тек осы құрылғыларға арналған химикаттарды ғана пайдалануыңыз керек.
- Қоқымдарды және кофе қалдықтарын кетіру үшін металдан жасалған заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының металл немесе пластмасса бөліктерін сырып тастауы мүмкін.

Ұнтақ кофе ыдысын тазалау



шамы жыпылықтаған кезде кофе тарту ыдысы босатылуы және тазалануы керек.

Кофе тарту ыдысы тазартылмайынша, шам жыпылықтауын жалғастырады және құрылғыны кофе жасау үшін пайдалану мүмкін болмайды. Тазалау үшін (тек құрылғымен):

- Тамшы науасын шығарыңыз (24-сурет), босатыңыз және тазалаңыз.
- Ұнтақ кофе ыдысын босатып, түбінде қалған барлық қалдықтарды кетіру үшін мұқият тазалаңыз.

- Сонымен қатар, су жиналу науасын (қызыл) тексеріңіз және қажет болса босатыңыз.



Маңызды!

Тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек.

Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, ұнтақ кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.

Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау



Маңызды!

Егер тамшы науасы тұрақты түрде босатылмаса, оның жиегінен су асып ағуы және кофе жасағыштың ішіне немесе жан-жағына таралуы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы, ол тұрған бетті немесе айналаны бүлдіруі мүмкін.

Тамшы науасы ондағы су деңгейін көрсететін деңгей көрсеткішімен (қызыл) белгіленген (25-сурет).

Осы көрсеткіш кесе науасынан шығып тұрғанға дейін тамшы науасы босатылуы және тазалануы керек.

Тамшы науасын алу үшін:

1. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын шығарыңыз (24-сурет);
2. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын босатыңыз және жуыңыз;
3. Су жиналу науасын тексеріңіз және қажет болса босатыңыз.
4. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын орындарына салыңыз.

Кофе жасағыштың ішін тазалау



Электр тогына түсу қаупі бар!

Ішкі бөліктерді тазаламас бұрын, құрылғыны өшіру («Өшіру» бөлімін көріңіз) және розеткадан ажырату керек. Кофе жасағышты суға ешқашан батырмаңыз.

1. Құрылғының іші (тамшы науасын алған соң қол жетімді болады) кірлемегенін тұрақты түрде (шамамен аптасына бір рет) тексеріп отырыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын губкамен тазалаңыз.

2. Қалдықтарды шаңсорғышпен тазалаңыз (26-сурет).

Су ыдысын тазалау

1. Су ыдысын (A16) тұрақты түрде (шамамен айына бір рет және су жұмсартқыш сүзгіні (егер бар болса) орнына салған сайын) дымқыл шүберекпен және шамалы жұмсақ ыдыс жуғыш сұйық затпен тазалап отырыңыз.
2. Сүзгіні алыңыз (егер бар болса) және ағынды сумен шайыңыз.
3. Сүзгіні орнына салыңыз (егер болса), ыдысты таза сумен толтырып, орнына салыңыз.

Кофе шүмектерін тазалау

1. Кофе шүмектерін губкамен немесе шүберекпен тұрақты түрде тазалап отырыңыз (27-сурет).
2. Кофе шүмегіндегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, кофе қалдықтарын тіс тазартқышпен кетіріңіз (28-сурет).

Ұнтақ кофе воронкасын тазалау

Тартылған кофе воронкасының бітелмегенін тұрақты түрде (айына бір рет) тексеріп тұрыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын тазалаңыз.

Демдеу торын тазалау

Демдеу торын (A11) кемінде айына бір рет тазалап отыру керек.



Маңызды!

Құрылғы іске қосуды болған кезде демдеу торын алу мүмкін емес.

1. Құрылғының дұрыс өшірілгеніне көз жеткізіңіз (-беттегі «Құрылғыны өшіру» бөлімін көріңіз).
2. Су ыдысын тазалаңыз.
3. Оң жақтағы демдеу қақпағын (29-сурет) ашыңыз.
4. Қызыл босату түймелерін ішке қарай басып тұрып, демдеу торын сыртқа қарай тартып шығарыңыз (30-сурет).



Маңызды!


Демдеу торын ыдыс жуғыш сұйық затсыз тазалаңыз, себебі ол зақымдануы мүмкін.

5. Демдеу торын суға шамамен 5 минут батырып қойып, ағынды су астында шайыңыз.
6. Демдеу торы тұратын жердегі тіректен кофе қалдықтарын тазалаңыз.
7. Тазалаған соң, демдеу торын ішкі тірекке (33-сурет) қарай сырғыту арқылы орнына салып, «сырт» етіп орнына түскенше PUSH (ИТЕРУ) белгісін толық енгенше ішке қарай басыңыз.




Ескеріңіз!

Егер демдеу торын енгізу қиын болса, енгізбес бұрын оны 34-суретте көрсетілген екі ілгекті басу арқылы тиісті өлшемге бейімдеңіз.



8. Салынған соң, екі қызыл түйменің шыққанына көз жеткізіңіз (35-сурет).



9. Демдеу торы орнының қақпағын жабыңыз.
10. Су ыдысын орнына салыңыз.

ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Басқару тақтасындағы шамы жыпылықтаған кезде құрылғы қағын тазалаңыз (31-сурет).



Маңызды!

- Қақ тазалағыш құрамында теріні және көздерді тітіркендіруі мүмкін қышқылдар бар. Өнім жасаушысының қақ тазалағыш орамында берген ескертулерін және теріге және көздерге тиген жағдайда орындалатын процедураларға қатысты ескертулерді міндетті түрде ескеру керек.
 - Тек De'Longhi қақ тазалағышын ғана пайдалануыңыз керек. Басқа қақ тазалағышты пайдалану және/немесе қақ тазалауды дұрыс орындамау өнім жасаушысының кепілдігінде қаралмаған ақаулықтарға себеп болуы мүмкін.
1. Құрылғыны іске қосыңыз және ол пайдалануға дайын болғанша күтіңіз.
 2. Су ыдысын (A12) босатып, егер болса жұмсартқыш сүзгіні алыңыз.
 3. Қақ тазалағышты ыдыстың артында белгіленген (32A суреті) **A** деңгейіне дейін құйып (100 мл орамына қатысты), **B** деңгейіне (32B суреті) дейін су (1 л) құйыңыз.
Көлемі кемінде 1,5 литр болатын бос ыдысты капучино жасағыштың астына қойыңыз.
 4. Кофе шамдары тұрақты жанғанша күтіңіз.



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Капучино жасағыштан құрамында қышқылы бар ыстық су ағады.

Су шашырандыларынан абай болыңыз.

5.  түймесін басып, ерітіндіні қосқаныңызды растау үшін 5 секунд ұстап тұрыңыз да, қақ тазалау процедурасын бастаңыз. Түйме шамы қақ тазалау бағдарламасының басталғанын көрсету үшін тұрақты болып жанады.  шамы сізге бу тетігін I бағытына бұрау қажеттігін айту үшін жыпылықтайды.
6. Бу тетігін I бағытына қарай сағат тілі бағытына қарсы жартылай бұраңыз. Қақ тазалау ерітіндісі капучино жасағыштан астына қойылған ыдысқа ағады. Қақ тазалау бағдарламасы бірнеше шаю және кідіру әрекеттерін орындайды.

Шаю қадамдарының арасында бірнеше минутқа созылатын кідірістер – қалыпты нәрсе.

Шамамен 30 минуттан соң су ыдысы босайды,  және  шамдары жыпылықтайды. Бу тетігін **0** бағытына барғанша сағат тілі бағытымен бұраңыз.

Одан кейін құрылғы таза сумен шаюға дайын болады.

7. Қақ тазалағыш ерітіндіні жинау үшін пайдаланылған ыдысты босатыңыз да, капучино жасағыштың астына қайта салыңыз.
8. Су ыдысын шығарыңыз, босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және таза сумен толтырып, орнына салыңыз.  шамы жыпылықтайды.
9. Бу тетігін сағат тілі бағытына қарсы I бағытына қарай бұраңыз (5-сурет). Шүмектен ыстық су шығады.
10. Су ыдысы толық босаған кезде,  шамы жыпылықтайды.
11. Тетікті **0** бағытына қарай бұраңыз.   шамы сөнеді.

Су ыдысын қайта толтырсаңыз, құрылғы пайдалануға дайын болады.

СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН РЕТТЕУ

Қақ тазалауды орнатылған су қаттылығына сай белгіленген уақыт кезеңінен кейін орындап отыру керек.


Құрылғы су қаттылығының 4-мәніне зауытта орнатылады.

Сонымен қатар, бұл құрылғыны әр түрлі аймақтардағы құбыр суының қаттылығына сай бағдарламалау арқылы құрылғыны сирегірек тазалау қажет болатындай етіп орнатуға болады.

Су қаттылығын өлшеу


1. TOTAL HARDNESS TEST (ТОЛЫҚ ҚАТТЫЛЫҚТЫ ТЕКЦЕРУ) индикаторын орамынан шығарыңыз (ағылшын тіліндегі нұсқауларға тіркелген).
2. Қағазды стакандағы суға бір секундқа толығымен батырып алыңыз.
3. Қағазды судан шығарып, жайлап сілкіңіз. Шамамен бір минуттан соң 1, 2, 3 немесе 4 қызыл шаршы судың қаттылығының

деңгейіне қарай көрінеді. Әрбір шаршы бір деңгей болып есептеледі.



Су қаттылығын орнату

1. Құрылғының өшкеніне (бірақ розеткаға қосылғанына және негізгі қосқыштың I бағытында екеніне) көз жеткізіңіз;
2. түймесін кемінде 6 секунд басып тұрыңыз. және шамдары бірге жанады;
3. Көрсеткіш қағазбен өлшенген нақты су қаттылығын орнату үшін түймесін басыңыз (тетіктің сол жағында).



4. Таңдауды растау үшін түймесін (тетіктің оң жағында) басыңыз.

Құрылғы сол кезде жаңа су қаттылығының параметрімен бағдарламаланады.

ДЕРЕК

Қысым: 15 бар
 Су ыдысының сыйымдылығы: Ең көбі 1,8 литр.
 Өлшемі: Ұзындығы x Биіктігі x Диаметрі:
 238x340x430 мм
 Кабель ұзындығы: 1,15 м
 Салмағы: 9,1 кг
 Кофе дәндері ыдысының сыйымдылығы: ең көбі – 250 г.

CE Бұл құрылғы мына ЕС директиваларына сәйкес:

- 2006/95/ЕС төменгі кернеу директивасы және кезекті толықтырулары;
- EMC 2004/108/ЕС директивасы және кезекті толықтырулары;

- Еуропалық күту режиміне қатысты 1275/2008 ережесі;
- 1935/2004 ЕО тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтар ережесіне сәйкес.

ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

Тип изделия	см. заводскую табличку на корпусе устройства
Модель	"
Напряжение	"
Частота	"
Мощность	"

Румынияда жасалған
 De'Longhi Appliances s.r.l.
 via L.Seitz, 47 31100 Treviso Italy
 Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
 Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия


Импортер на территории РФ, Белоруси и Казахстана:
 000 «Делонги»
 127055 Россия, г. Москва, ул. Суцёвская, д. 27, стр. 3
 Тел. +7 (495) 781-26-76



Изделие использовать по назначению в соответствии с руководством по эксплуатации.
 Срок службы изделия составляет 2 года с даты продажи потребителю.

Дату изготовления изделия можно определить по серийному номеру, расположенному на / или вблизи заводской таблички изделия (Сер. № ASSCC xxx, где А – последняя цифра года изготовления, SS – производственная неделя, CC – дата печати, рассчитанная автоматически с 1992 г. Пример: Сер. № 30411xxx, год изготовления – 2003, производственная неделя – 4).

EAC

ШАМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТҮСІНДІРУ

ШАМ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
	Ыдыстағы су жеткіліксіз.	Су ыдысын толтырыңыз және/немесе «сырт» етіп орнына киілгенше итеру арқылы дұрыстап салыңыз.
	Ыдыс орнына дұрыс салынбаған.	Су ыдысын дұрыстап енгізіңіз және орнына түскенше басыңыз.
	Ұнтақ кофе ыдысы (A13) толып кеткен.	Ұнтақ кофе ыдысы мен тамшы науасын босатыңыз, тазалаңыз да орындарына салыңыз. Маңызды: тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату КЕРЕК. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, ұнтақ кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.
	Тазалаған ұнтақ кофе ыдысы орнына салынбаған.	Тамшы науасын шығарып, ұнтақ кофе ыдысын орнына салыңыз.
 ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА	Тартылған кофе тым майда және кофе өте жай құйылуда немесе мүлдем құйылмауда.	Кофені тағы да құйып көріңіз және кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу деңгелегін сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бұраңыз (-сурет). Егер 2 кесе кофе құйылғаннан кейін әлі де жай құйылса, тартуды реттеу деңгелегін құйылу дұрысталғанша тағы бір рет «сырт» еткізіп бұрау арқылы дұрыстау процедурасын қайталаңыз (мына бөлімді қараңыз: беттегі «Кофе тартқышты реттеу» бөлімі).
 ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА	Воронкаға ұнтақ кофе салынбаса да ұнтақ кофе жасау функциясы таңдалған.	Воронкаға алдын ала ұнтақталған кофені салыңыз немесе pre-ground (ұнтақ кофе) функциясының (18-сурет) таңдауын алыңыз.

 ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА	Құрылғы қағын тазалау керек.	«Қақ тазалау» бөліміндегі қақ тазалау процедурасын неғұрлым тезірек орындау керек.
 ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА	Өте көп мөлшердегі кофе пайдаланылған.	Жұмсағырақ дәмді таңдаңыз немесе ұнтақ кофе мөлшерін азайтыңыз, одан кейін кофені қайтадан жасаңыз.
 ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА	Кофе дәндері таусылған.	Дәндер ыдысын толтырыңыз
 ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА	Алдын ала ұнтақталған кофе воронкасы бітеліп қалған.	Воронканы «Ұнтақ кофе воронкасын тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп пышақпен босатыңыз.
 ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА	Тазаланғаннан кейін, демдеу торы орнына салынбаған.	Демдеу торын «Демдеу торын тазалау» тарауында сипатталғандай етіп енгізіңіз.
 ЖЫПЫЛЫҚТАҒАНДА	Құрылғының іші өте лас.	Құрылғының ішін «Тазалау және күтім көрсету» бөлімінде сипатталғандай етіп мұқият тазалаңыз. Бұл хабар тазаланған соң да көрсетілсе, тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген. Егер проблема сипатталғандай әдіспен шешілмесе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Кофе ыстық емес	Кеселер алдын ала қыздырылмайды.	Кеселерді ыстық сумен шаю арқылы жылытыңыз (ыстық су немесе шаю функциясын пайдалана алатыныңызды ұмытпаңыз).
	Демдеу торы суып қалған, себебі соңғы кофе жасалғалы 2/3 минут өткен.	Кофе жасамас бұрын демдеу торын  шаю түймесін басу арқылы жылытыңыз.

Кофе сұйық немесе кілегей жеткілікті емес.	Кофе тым ірі етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытына қарсы бір рет бұраңыз (8-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек екі кофе жасаған соң ғана беріледі (мына бөлімді қараңыз: -беттегі «Кофе тартқышты реттеу» бөлімі).
	Кофе жарамсыз.	Эспрессо кофесін жасағыштар үшін ұнтақ кофе пайдаланыңыз.
Кофе тым баяу құйылады немесе тамшылап тұрады	Кофе тым майда етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытына бір рет бұраңыз (10-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі (мына бөлімді қараңыз: -беттегі «Кофе тартқышты реттеу» бөлімі).
Шүмектерден кофе ақпайды	Шүмектер бітеліп қалған.	Шүмектерді тіз тазартқышпен тазалаңыз.
Көпіршітілген сүтте үлкен көбіктер бар	Сүт жеткілікті деңгейде салқын емес немесе ол жартылай шайқалмаған.	Тоңазытқыш температурасындағы (шамамен 5°C) майсыздандырылған немесе жартылай майсыздандырылған сүтті пайдаланған жөн. Егер нәтиже әлі де сіз қалағандай болмаса, басқа компанияның сүтін пайдаланып көріңіз.
Сүт көпіршітілмеген	Капучино жасағыш кірлеген.	-беттегі «Капучино жасағышты пайдаланған соң тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
Пайдалану барысында бу шықпай қалады	3 минуттан соң қауіпсіздік құрылғысы буды тоқтатып тастайды.	Бірнеше минут күте тұрыңыз да, бу функциясын қайта іске қосыңыз.
Құрылғы іске қосылмайды	Ол розеткаға қосылмаған.	Розеткаға қосыңыз.
	Негізгі қосқыш (A8) іске қосылмаған.	Негізгі қосқышты I бағытына орнатыңыз (1-сурет).